

ШАҚАРИМ ШАҢҰРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №10 (134) қараша

30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА

30 МЕРОПРИЯТИЙ
В ЧЕСТЬ 30-ЛЕТИЯ

ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ
ПРОКУРАТУРАНЫҢ РӨЛІ



2 бет

ШӘКӘРІМ
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
ДЗЮДОДАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ТУРНИР ӨТТІ



12 бет

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІМЕН
ҚҰРДАС ӘН



3 бет



Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президент күні

1 желтоқсан

ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЛАР, ОҚЫТУШЫЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР! ҚЫМБАТТЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Елдің ішкі және сыртқы саясатта тәуелсіз болуының, өзін-өзі басқара алатын толыққанды дербес мемлекеттілігінің бірегей белгісі – өз президенті болуы. Сондықтан Тұңғыш Президент күні бірін-бірі толықтырып отырған Тәуелсіздік күні қарсаңындағы халықтық, мемлекеттік маңызы зор мереке. Тұңғыш Президент күнін атап өту барлығымыз үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - барлық отандастарымыздың және әлем қауымдастығының шынайы құрметіне ие болған тұлға. Елбасының елімізді кемел

келешекке жетелеген игі істері, жаһандық деңгейде қойылған мақсаттарға жету жолындағы табандылығы, даналылығы, жүргізген сындарлы саясаты: бірлік, бейбітшілік және толерантты қоғамдық келісім - елдің ең жоғарғы құндылығына айналған мемлекетті қалыптастырды.

Баршаңызды атаулы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Сіздерге және жанұяларыңызға мықты денсаулық, ырыс пен береке және ел игілігі үшін атқарып жатқан қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ерекше еңбектеріңізге табыстар тілеймін!

УВАЖАЕМЫЕ ПРОФЕССОРА, ПРЕПОДАВАТЕЛИ, СОТРУДНИКИ! ДОРОГИЕ ОБУЧАЮЩИЕСЯ!

От всей души поздравляю Вас с Днем Первого Президента! Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев, основатель независимого Казахстана – автор глобальных инициатив, получивших признание всех казахстанцев и уважение международного сообщества.

Дальновидность нашего Елбасы, его конструктивная политика, мудрость, сила и энергия, настойчивость в достижении поставленных целей сделала Казахстан государством, где единство, мир и

общественное согласие стали высшими ценностями общества.

Для нас всех удовольствие и большая честь отмечать День Первого Президента! Поздравляя Вас со знаменательным праздником, желаю Вам и Вашим близким крепкого здоровья, долголетия и успехов в нашем нелегком труде на благо страны!

Құрметпен,
университет басшысы
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРАНЫҢ РӨЛІ

Шәкәрім шаңырағына Шәкәрім Құдайбердіұлының реабилитациясын жасаған прокурор, ақынның ақталуының мәні мен мазмұны жайлы ғылыми мақала жазып, талдаған ғалым, ҚР Құрметті прокуроры, заң ғылымдарының кандидаты, генерал Байтұқбаев Жақсылық Ысқақұлы келді.

Оқу орнымызда биылдан бастап «Семей рухы» кешендік жобасы қолға алынған болатын. Айналырған 6-7 айда жоба аясында талай игі шаралар атқарылды. Жобаның бір арнасы осы өңірдің әйгілі тұлғаларын дәріптеу және насихаттау. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРАНЫҢ РӨЛІ» атты тағылымды кездесу өтті. Кездесудің сыйлы қонағы – ҚР Құрметті прокуроры, заң ғылымдарының кандидаты, генерал Байтұқбаев Жақсылық Ысқақұлы.

Шараға университетіміздің басшылығы мен профессорлық оқытушылар құрамы мен білім алушы студенттер ғана емес, Семей қаласы прокуратурасының өкілдері, Ішкі істер департаментінің қызметкерлері, заң саласының ардагерлері арнайы келіп қатысты.

Университет басшысы Бауыржан Аманкелдіұлы шараның алғы сөзінде: «Қазақстанның дамуымен қатар, аса маңызды басымдықтарды жүзеге асыруда мемлекеттік билік жүйесінде айрықша конституциялық орны бар мемлекеттік орган прокуратураның да қызметі жаңаша мәнмен толықты», - дей келе, аталмыш кездесудің жас ұрпақ үшін маңызды екенін айтты.

«Тарих және құқық» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Ғазизова Назигүл Слямболқызының «Тәуелсіз Қазақстанның адам құқықтарын қорғау институтының құрылуына қосқан үлесі» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндама Байтұқбаев Жақсылық Ысқақұлының өмірлік



тәжірибесіне арналды.

Жақсылық Байтұқбаев – 1952 жылы 13 тамызда дүниеге келген. Еңбек жолын Шар ауданында тергеуші, прокурор көмекшісі болып бастап, 1992 жылдан бастап жауапты қызметтер атқарды. Семей, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының прокуроры қызметтерін абыроймен атқарды. «Құрмет», «Даңқ» ордендерінің иегері, «Қазақстан Республикасының құрметті прокуроры» лауазымына ие.

Семей қаласы мәслихатының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 30/202- VI шешімімен генерал-майор Жақсылық Байтұқбаев «Семей қаласының Құрметті азаматы».

Кездесу барысында Ғылыми кеңес шешімімен Жақсылық Ысқақұлына Шәкәрім университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

Сыйлы қонағымыз Шәкәрім университетінің Құрметті Профессоры ретінде «Прокуратура тәуелсіз қазақстанда заңдылықты қамтамасыз етудің кепілі» атты дәріс оқып, еліміздегі прокуратураның рөлі мен міндетіне тоқталды.

Дәрістен кейін жастар Шәкәрім Құдайбердіұлының реабилитациясы процесі жайлы, Желтоқсан көтерілісі жайлы, т.б. көкейдегі сұрақтарын қойды.

Іс-шарада сөз сөйлеген ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор А.Слямұлы жиында сөз сөйлеп, генерал Ж.Байтұқбаев адал еңбегімен ел тарихындағы жоғары кәсібиліктің және мамандыққа деген адалдықтың озық үлгісі бола білген жан екенін айтты.

«Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті, Президент атындағы шәкіртақы иегері Бобабаева Әсемгүл жастар атынан арнайы сөз алып, болашақ заңгерлер үшін генерал Ж.Байтұқбаевтың еңбек жолы мен ғылыми еңбектерінің рөлі зор екенін айтты. Студентіміз: «Генерал болуды армандамаған солдат – солдат емес» дегендей, мен қыз бала болсам да сіз сияқты генерал болуды армандаймын», - деді.

Тағылымды кездесу Шәкәрім шаңырағының рухына айналған «Шәкәрім маршы» әнімен аяқталды.

Мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде прокуратураның рөлі сөзсіз өсе түсті және оның алдындағы міндеті әрбір азаматтың өзінің мүддесін нағыз қорғаушысы екендігіне қалтқысыз сенетін дәрежеге жеткізі.

Елге аға, жастарға үлгі бола алатын тұлғаларымыздың саны арта берсін!

Еркебұлан МҰҚАШЕВ
Медиа орталық жетекшісі



ҒАЛЫМ БАСШЫМЕН ӨТКЕН СЫР-СҰХБАТ

Шәкәрім шаңырағының Филология факультеті, "Қазақ филологиясы және журналистика" кафедрасының ұйымдастыруымен Абайдың ақын шәкірті Әріп Тәңірбергенұлының туғанына 165 жыл толуына орай "АЛАШТЫҢ АҚИЫҒЫ- ӘРІП АҚЫН" тақырыбында филология ғылымдарының докторы, профессор Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлымен сыр-сұхбат өтті.

Бүгінде абайтану саласындағы зерттеулерімен белгілі ғалым, университетіміздің Басқарма төрағасы-Ректор Б.А. Ердембеков ғылымдағы қадамын Әріп Тәңірбергенұлының шығармашылық өмірінбаяны зерттеуден бастаған.

2001 жылы «Әріп ақын» атты монографиясы жарық көрген.

Одан кейінгі жылдарда Абайдың әдеби ортасын зерттеп, зерттеу аясын кеңейткен ғалым Әріп ақын шығармашылығын әр кез зерделеп отырды.

«Алаштың ақиығы – Әріп қыран», «Тәңірбергенұлы Әріп. Шығармалары» жинағы, "Ә.Тәңірбергенұлының әдеби мұрасы" оқу құралы т.б. еңбектері жарық көрді.

Кездесу барысында Бауыржан Аманкелдіұлы Әріп Тәңірбергенұлының өмірі мен шығармашылығының қилы

кезеңдері және Абайдың ақындық мектебіндегі Әріп ақынның орны туралы айтып берді. Сонымен қатар ғалым өзінің Әріп Тәңірбергенұлы және Абайдың ақындық мектебі туралы жасаған ғылыми зерттеу еңбектерінің де жазылу тарихы мен материал жинау сәттеріндегі қызықты әңгімелерімен бөлісті. Сондай-ақ қазіргі жастардың ғылымға келу жолы мен қазіргі ғылыми – зерттеу бағыттары туралы да айтылды.

Болашақта Әріп Тәңірбергенұлы атындағы музейдің ашылуы керек екендігін айтты. Студенттер мен магистранттардың қызығып, ортаға салған сұрақтарының бірі «Біржан-Сара» айттысы төңірегінде болды. Ғалым Әріп Тәңірбергенұлының «Біржан-Сара» айттысына байланысты ғылыми ортада әртүрлі қарастырылып жүрген



мәселелердің түйінін шешіп, түсіндіріп берді.

Сыр-сұхбат кездесуі үш бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлім ғалымның зерттеу еңбектері мен ғылыми ізденістері туралы болса, екінші бөлімде жалпы қазіргі ғылым дамуы мен сол ғылымды өркендетуге тұғыр болатын білім алу, тәрбие мәселесі де қозғалды. Осы арада Бауыржан Аманкелдіұлы Шәкәрім университетінің басты миссиясы - кемел білімді «толық адам» болу үшін де, өзінің алдына мақсат қоя алатын және соған жету жолында аянбай еңбектенетін жастардың қуат-күшін біріктіру керек екенін айтты. Үшінші бөлімде «еркін

микрофон» алған жастар ғалым ағаларына Әріп Тәңірбергенұлы, абайтану, қазіргі зерттеу негіздері және жалпы өздерін мазалап жүрген қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарда сұрақтар қойды. Бауыржан Аманкелдіұлы жастардың барлық сұрақтарын мұқият тыңдап, толық жауап беріп, олардың кейбір мәселелерді шешуде белсенді болулары керек екеніне назар аударды.

Сыр-сұхбатты екінші курс магистранттары Айбек Жеңісқазин мен Жақсылық Асқарбек жүргізді.

Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА
журналист

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІМЕН ҚҰРДАС ӘН

Ел ішінде кең тараған «Бір бәйтерек, бір шынар» әні 1991 жылы 15 қарашада жарық көрген. Авторы сол жылы Семейдің Шәкәрім атындағы пединститутының көркемсурет факультетін тәмамдаған 26 жастағы түлегіміз болатын. Ол – бүгінде белгілі композитор, әнші, 150 ден астам қазақтың рухты, әуезді әндердің авторы, «Қазақ өнерінің қайраткері» төс белгісінің иегері Кентау Назарбек.

Кеше ән авторы өзі оқыған білім ордасына арнайы ат басын бұрып, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 жылдыққа 30 игі шара» аясында қарашаның суығын жылытқан әдемі кеш өткізді.

Университетіміздің «Шәкәрім жастар орталығында» ұйымдастырылған «Бір бәйтерек, бір шынар өніне 30 жыл» атты шарада автор университетіміздің профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерімен кездесті.

Әсерлі кездесуге мәдениет қайраткері, әнші Айтмұхамбет Бейсембеков, қазақ өнерінің қайраткерлері Амангелді Жікенов, Қайрат Қабышев, республикалық байқаулардың жеңімпазы, әнші, актер Бекзат Омашев, Семей қаласының тарихи-өлкетану музейінің директоры Қайрат Сабырбай қонақ болып қатысты.

Кеш оқу орнымыздың Жастар саясаты бөлімінің маманы Ергали Бектен мен Кайноллаева Седаның орындауындағы автордың «Семейім» әнімен басталып, Басқарма мүшесі, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Исібекұлының алғысөзімен жалғасты. Берікхан Исібекұлы



композиторға шығармашылық табыс тілеп, университет атынан Шәкәрім шығармаларын тарту етті.

Кеш барысында филология мамандығы бойынша философия ғылымдарының PhD докторы, ақын Әубәкірова Қарлығаш Әділханқызы сөз алып, ән құдіреті жайлы сыр тарқатып, тағылымды ойымен кеш тақырыбын кеңейтті.

Композитор шығармаларының тарихы мен табиғаты кеш барысында сыр боп тарқалып, бірнеше әні қазақ өнерінің қайраткерлері Амангелді Жікенов, Қайрат Қабышев, әнші, актер Бекзат Омашевтардың орындауында шырқалды. Автордың өз орындауында жаңа әндері айтылып, кеш мазмұны кеңейе түсті. Игі шара аясындағы кездесу ән өнерінің әдемі өлемін танытып, әсерлі өткен кездесуге қатысушылар разышылығын білдірді.

Кентау Назарбек университетіміздің 1991 жылғы түлегі. 1992 жылы облыстық жастар комитетіне қызметке тұрып, жастар өміріне белсене араласады. 1994 жылдан қалалық мәдениет басқармасын басқарды. 2001-2010 жылдары Шығыс әскери округінің мәдениет құрылымын, Үржар ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарды. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында вокал бөлімінің меңгерушісі. «Бір бәйтерек, бір шынар» атты ән жинағы бар. Қалалық, республикалық композиторлар байқауының жүлдегері.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
журналист



ШӘКӘРІМ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМҒА ҚАРАЙ БЕТБҰРЫС

Еліміз тәуелсіздік алып, Қазақстан өзінің даму жолын анықтап, мәдени мұраларға ерекше көңіл аудара бастаған бүгінгі күні, халқымыздың болашағы үшін Шәкәрімдей ойшыл тұлғалардың даналық ой толғамдарының маңызы ерекше. Қазақ халқы әлем философиясына дарынды ойшылдарымыздың даналығымен ертеден қалыптасып келген ойлау мәдениеті арқылы үлес қоспақ.

Кез-келген замандағы философиялық ойдың басты сұрағы адам мәселесі, оның мәні және дамуы, мақсаты мен оның болашағы болған және де бола бермек. Бұл мәселе философиямен арнайы айналысқан қазақ ойшылы Шәкәрімді де қатты мазалаған.

Шәкәрім өмір сүрген дәуір қазақ мәдениетінде өзгерістер кезеңі деп аталады. Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ойшылдардың еңбектерінде бастау алатын жаңашыл идеялар Шәкәрімнің де шығармаларында жалғасын тапты. Бірақ Еуропадағы жаңашылдық пен қазақ топырағындағы мәдени жаңару тек уақыты, қоғамдық ортасы ғана емес, сонымен қатар, адамның болмысы мен мәні, еркіндігі туралы мәселеде де тіптен өзгеше еді.

Қоғамдық ортаны жасаудағы адамның өзіндік ерекшелігін ең негізгі орынға қойған Шәкәрім Құдайбердіұлы адамгершілік заңдарды қоғам өміріндегі ең негізгі заңдармен бірге теңдікке қарастырды. Себебі, қоғамдық қатынастарды іске асырушы адам. Олай болса әр адамның моральдық сапасы қоғамдық ортаны қалыптастыруда шешуші рөл атқармақ. Адамның ішкі адамгершілік қасиеттеріне, ойлау жүйесіне тікелей ықпал жасайтын жол – ар-ұждан. Бұл Шәкәрім дүниетанымында «Ар ілімі» деп аталады.

Адамның ішкі жан дүниесі, ондағы ниет сезімдері, Шәкәрімнің ойынша тек ар-ұждан заңдары арқылы реттеледі. Шәкәрімнің бар ой-арманы әрбір жеке адамды қоғамдық ортада ең негізгі құндылыққа айналдыру. Ол үшін ар түзейтін ілім керек деп білді.

Қоғам әрбір адамнан басталады. Сен басқаның еркіндігін мойындайсың. Ал басқаның еркіндігін мойындау адамды адам ретінде бағалау деген сөз. Адамның адамдығы түзелмей адамдар ешқашан бақытқа жете алмауы мүмкін. Сондықтан, Шәкәрімнің ойынша әрбір адамның өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді түзеуі ең негізгі міндет. Оның ар іліміндегі негізгі қағидасы да осындай. Адам ең алдымен өзін-өзі тануға ұмтылу арқылы ақиқаттың ара қатынасын таниды. Ойшыл үнемі адамды ақиқатты тануға шақырады. Бұл жолда адамға қайраты мен ойына сүйенуі қажет.

Ой арқылы ғана адам әр нәрсенің мүмкіндігін байыптай алмақ. Ендеше, адамды бақытқа жеткізу үшін құрбан болған махаббат, адамгершілік әділет, мейірім, ынсапты негізгі құндылыққа айналдырған жөн деп түсінді Шәкәрім. Ол үшін адамдар басқа адамның өміріне өз өміріндей мақсаттылықпен қарауы қажет.

*«Бұлдыр болма өзіңе-өзің сенбей,
Дүние құмар, залалкес бола қалсаң.
Өлімді ойла келерлік күнді ертеңдей,
Маған сүйтсе қайтер ем деп ойлашы.
Адамның баласы ғой о да сендей», -*

деп ойшыл толғанады. Дүниеде ең алыс адамдармен адамдардың арасы. Бұл ешқандай өлшеммен өлшенбейді. Сондай-ақ, ең жақын ол да адамдар мен адамдардың арасы. Буған да өлшем жоқ. Мәселен, адамды өлтірген қылмыскер мен оның құрбаны

байқаймыз. «Көрген соң ел арасын анық сезіп, андайын айдалаға кеттім безіп», - деп тебіренген ойшыл өзінің ар ілімінен ешқашан бас тартпай, өмірінің соңына дейін халқының рухани еркіндігін көксеумен өтті.

Бүкіл әлемде құлдықтың жойылуын көксеген Шәкәрімнің даналық ойынан, ерекше гуманистік көзқарасты көреміз. Ойшыл ХХ ғасыр әлемдегі отаршылдыққа қарсы шықты. Адамзатты ардың жолына шақырады, бүкіл әлемдік бейбітшілікті аңсады. Сонда ғана, адамға бұл әлемде дұрыс жағдай жасалып, оның бақытына жол ашылатынына сенді.

*«Еңбекке шыда, ебін тап та,
Сабырдың түбі – сары алтын.
Өзіміш бол ма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың».*

Міне, бұл Шәкәрім гуманизміне тән қағида. Бұл мәселе ойшылдың «Үш анық»

болған адамның арасындағы алшақтықты немен өлшеуге болады. Әйтпесе, бір-бірінің нәзік сезімі үшін құрбан болған ғашықтардың жақындығын немен өлшейміз. Ендеше, адаммен адамның арасы бір жағынан бір-біріне өте жақын, екінші жағынан өте алыс. Қылмыскер адамды өлтіргенде сол адамның орнына өзін қойып көрсе, қылмыс жасамаған болар еді, тіптен оның жаны түршігіп, қандай зұлымдыққа барғанына көз жеткізер еді. Сондықтан, әркімге сенің жүрегіңнен орын болуы ең керек іс. Өзінді басқаның орнына қоя білу, бұл гуманизмге тән ең ұлы қасиет. Шәкәрімнің бұндай идеялары бір жағынан неміс ойшылы И. Канттың категориялық императивіндегі қағидалармен үндесіп жатады. Бірақ, ойшыл бұндай түсініктерге тіптен басқа уақытта, басқа қоғамдық ортада, өзіндік дүниетанымы арқылы келіп отыр. Ар-ұждан дегеніміз адамның өз-өзіне деген жауапкершілігі. Адам сол жауапкершілікті үнемі мойындауы тиіс.

*«Кейбіреу жазды кү өмір деп,
Тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір деп.
Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,
Иә, көлеңке, ияки тус, у өмір деп.
Буғанда еріп көп жаздым түшіркеніп,
Білімділер сөзі деп интеленіп,
Өмір емес, алдаған өзіңді-өзің
Пәленшекем айтты деп қалма сеніп...»,*

- деп Шәкәрім адам өміріндегі болып жататын келеңсіздіктерді тек тағдыр деп қою салатын адамдарды бір жақты болмауға шақырады. Бұл адамның жауапкершілігін мойындамауы болар еді. «Дүниеде сыры өзімен бірге көмілетін адам бар ма екен езі?», - деп толғанады ойшыл. Адам өзінің сырын ұрлатады. Сондықтан да, еркіндікте болу қиын. Бірақ өмірдегі бұндай мәселеге пессимистік тұрғыдан қарауға Шәкәрім қарсы.

*«Кісі бағын деме бағым,
Өз дененді нұрлы қыл.
Ай сықылды болма жарық,
Қарыз алып күн нұрын».*

Ойшылдың осы бір толғамдарына терең оймен адамға деген ерекше сүйіспеншілікті аңғару қиын емес. Адамның адамгершілік қасиеті ішке бітетін құндылық. Бұндай құндылығы жоқ адам, адам ретінде өледі. Ендеше адамды адам ететін оның ерекше адамгершілік қасиеттері, ар-ұжданы.

*«Сабыр, сақтық, ой,
талап болмаған жан,*

*Анық төмен болмай ма хайуаннан,
Ынсап, рақым, ар-ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан!»,-*

деген өлең жолдарынан бұндай идеяны ойшылдың үнемі алға тартып отыратынын

еңбегінде де талданған. Шәкәрімнің «Үш анықтағы» адамға бетбұрыс жасауы, оның гуманистік қағидалары, ойшылдың өзіндік санасы ретінде тарихта қалды. Себебі ойшыл айтып өткен қағидалардың күн өткен сайын шындыққа айналуы оның ой-толғамдарының тарихтағы санаға айналуына жол ашты. Жалпы шығармашылық жолда басты мәселе тарихтағы санаға айналу. Неміс ойшылы Ф. Гегель өзінің «Рух феноменологиясы» атты еңбегінде «Өзіндік сана үшін одан тыс тұрған өзіндік сана бар. Біріншіден, ол басқа өзіндік санада өзін жоғалтып, басқа бір мәнге ие болады. Екіншіден, ол басқаны бөтен мән ретінде көрмейді, ол басқадан өзін көреді», - деп жазған болатын. Бұл жерде басты мәселе ойшылдың өзін-өзі іздеуінде, өзін-өзі тануға ұмтылуында жатыр. Ал, бұның негізі тарихтағы санаға айналу болып табылады.

Шәкәрімнің «Ар ілімі» адамның ішкі рухани еркіндігіне жол ашады. Ішкі жан дүниесінде рухани еркіндікте болған адам ғана қоғамдық ортаны жасауға қабілетті. Адам өзін-өзі тану арқылы барлық адамнан еркіндікте. Ішкі жан дүниесі рухани еркіндікте бола алмаған адам қоғамдық ортаны жасауға, өзгертуге дәрменсіз. Ол қоғамдық қатынастардың құралы болып қала бермек. Сондықтан, адамгершілік құндылықтарды дамыту арқылы ғана адам неғұрлым өзін кемелдендіреді. Бұндай ойды Шәкәрім шығармаларының өне бойынан көрініп тұратын қағида ретінде қараған жөн. Шәкәрім философиясының бір ерекшелігі, оның адамға бет бұрғандығы.

Негізінен Шәкәрімнің даналық ой-толғамдары, ар ілімі бүгінгі біз өмір сүріп отырған заманда адамның жан дүниесіне, оның адамдық болмысымен мәніне бетбұрыс жасауда бізге ауадай қажет. Сөз жоқ, Шәкәрімнің «Ар ілімі», адамгершілік сынды концепциялары тек өз заманы үшін ғана емес, қазіргі және келешек ұрпақ үшін де, ар-ұждан тазалығы, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттерді тәрбиелейтін гуманистік үндеумен бағалы болып табылады.

Шәкәрімнің адамға қарай бетбұрысы Қазақстан халқының бүгінгі өмірі үшін де маңызды. Тәуелсіз еліміздің азаматтары Шәкәрім көксеген адамдық сапаларға қол жеткізіп отырса, елдің рухани өмірі, шаруашылығы мен ойы, білімі үлкен биіктіктерге көтеріле берері даусыз.

Құралай БОЛЫСОВА
Тарих және құқық кафедрасының
аға оқытушысы, философия
ғылымдарының кандидаты

«II ҚАСЫМБАЕВ ОҚУЛАРЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «II Қасымбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шараның мақсаты – XVIII-XX ғғ. басында саналы ғұмырын Қазақстан тарихын зерттеуге арнаған көрнекті ғалым Жанұзақ Қасымбаевтың мұрасын насихаттауға арналады.

Конференцияға тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, археолог А.Исин, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Р.Мухамеджанова, Қазақстанның тарихы мен мәдениеті мәселелерін зерттеумен айналысатын жетекші ғалымдар мен мамандар қатысты.

Тарих және құқық кафедрасының тарихшы ғалымдары А.И.Исин «Тарихшы Ж.Қасымбаевтың қазақ хандары мен сұлтандары туралы зерттеулері», Р.Ж.Мухамеджанова «Ж.Қасымбаевтың ғылыми зерттеулерінің басты бағыттары» тақырыптарында баяндама оқыды.

Ж.Қасымбаев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген білім қайраткері, «Парасат» орденінің иегері және көрнекті тарихшы Е.Бекмахановтың шәкірті, Қазақстан



тарихының қалыптасуына елеулі үлес қосқан тарих ғылымдарының докторы, профессор.

1986 жылғы желтоқсан қозғалысымен туындаған қуғын-сүргінге қарамастан, ол жабық проблемаларды қайта жаңғыртқан және қазақ жерінің Ресей империясы құрамына кіруінің саяси астарын айқындаған көптеген жұмыстарды

батыл жариялады. Сонымен қатар, Ж.Қасымбаев – Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың зерттеушісі. Бұл қадам ғылыми ортада Е.Бекмахановтан кейін бірінші болып осы тақырыпта монография жазған тарихшының еңбегі ретінде танылды.

Тарих және құқық кафедрасы

НАУЧНЫЙ ЦЕНТР ИСТОРИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИМЕНИ МАНАША КОЗЫБАЕВА

16 ноября 2021 года в Университете имени Шакарима города Семей состоялась круглый стол, посвященный 90-летию со дня рождения выдающегося ученого-историка, видного общественного и государственного деятеля нашей страны Манаша Кабашевича Козыбаева.



Организаторы мероприятия - Научный центр исторических исследований имени М.К. Козыбаева, Кафедра истории и права Университета имени Шакарима города Семей.

Цель проведения круглого стола – пропаганда достижений современной исторической науки и независимого Казахстана, воспитание у молодежи чувства патриотизма, гражданственности и духовности.

В мероприятии активное участие приняли преподаватели вуза, докторанты, магистранты и студенты.

Модератор круглого стола - заведующий кафедрой истории и права Н.С. Газизова.

В своей приветственной речи декан гуманитарно-экономического факультета Б.К. Бодауова отметила важный вклад М. К. Козыбаева в казахстанскую науку.

Открывая работу круглого стола, к.и.н., профессор М.К. Каримов рассказал об основных этапах жизненного и творческого пути академика Манаша Козыбаева.

С докладами выступили доктор исторических наук, профессор Б.Ж. Атантаева, доктор исторических наук, профессор К.К. Байсарина, кандидат исторических наук А.Б. Бакытжанова, специалист Научного центра исторических исследований имени М. Козыбаева Г.Е. Мамаева, магистрант Б. Карымсакова.

В своем докладе доктор исторических наук, профессор Б.Ж.

Атантаева отметила, что Манаш Кабашевич Козыбаев стоял у истоков процесса восстановления исторической памяти и развития исторической науки.

Доктор исторических наук, профессор К.К. Байсарина в своем выступлении подчеркнула, что с обретением независимости открылись новые горизонты перед казахстанской исторической наукой, которая вышла из своих чисто академических рамок и стала действенным инструментом формирования национального самосознания и духовного возрождения казахского народа.

Специалист Научного центра исторических исследований Г.Е. Мамаева обратила внимание на то, что многие проблемы, которые нашли отражение в трудах М.К. Козыбаева, требуют своего теоретико-методологического осмысления и в настоящее время являются актуальными.

Кандидат исторических наук А.Б. Бакытжанова в своем докладе рассказала о научно-педагогической деятельности М. К. Козыбаева. Отметила, что им была подготовлена целая плеяда талантливых казахстанских ученых.

Большой интерес у участников круглого стола вызвало выступление магистранта Б. Карымсаковой на тему «Изучение «белых пятен» истории Казахстана в трудах М.К. Козыбаева». Участники мероприятия отметили непреходящее значение научного наследия ученого и его неоценимый вклад в развитие исторической науки нашей страны.

По итогам круглого стола были выработаны рекомендации, направленные на изучение и популяризацию исторического наследия нашего независимого государства.

Кафедра истории и права

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ»

Факультетімізде Қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Әлем чемпионы (2013,2014), Азия чемпионы (2009), сегіз дүркін ҚР чемпионы, Қазақстан Барысы республикалық турнирінің жеңімпазы (2014), Еуразия Барысы халықаралық турнирінің жеңімпазы (2013, 2015, 2016) даңқты палуан, өзіміздің түлегіміз (2006-2010) Мұхит Тұрсыновпен студенттеріміздің кездесуі өтті.

Бірінші кезекте білім алып жатқан студенттер өзінің адал еңбегімен, бойында бар дарын мен күшті игере білген болмысымен үлгі болған ағаларын зор қошемет құрметпен қарсы алды. «Қазақстан Барысы» Мұхит Тұрсынов та ізін жалғар інілеріне өз ізетін білдіре отырып, кездесуге келгеніне қуанышты екенін білдірді.

Әдетте тек теледидар мен әлеуметтік желі арқылы таныс болса, бүгін палуанымыз студенттердің алдында отырып, өз өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Бұл кездесу еркін форматта, сұрақ-жауап түрінде өткізілді.

Бетпе-бет кездесудің мақсаты жастарға тәлім-тәрбие беріп, өмір жолындағы түрлі сынақты жеңу жолын үйрету. Сондай-ақ биікке жету жолындағы қиындықты еңсерудің қыр-сырын айтып сыр-сұхбаттасу болды.

Жүргізуші: *Мұхит Шыңғысұлы, қош келдіңіз! Спортқа келуіңізге себепкер кім? Неге осы спорт түрін таңдадыңыз? Не себеп болды?*

- Әрине, бірінші себепкер ардақты әкем. Қазақта «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді ғой. Әке тәрбиесін де өстік, әкемде спорттан алыс емес, өз кезінде күреспен айналысқан белгілі дәрежеге жеткен адам. Ал спортқа келгендегі негізгі мұратым: Әкемнің жолын, ізін жалғастырсам, жетпеген жетістіктеріне мен жетсем деген негізгі мақсат болды. Жалпы біз отбасымызбен спорт жолындамыз деп айтуға болады. Өйткені менен кейінгі інім Нұрсұлтан да грек-рим күресімен күреспін келеді және де «Ұлттық құраманың» мүшесі. Олда осы қарашаңырақтың түлегі. Қазіргі кезде белгілі дәрежеде жетістікке жетіп жүрген спортшылардың бірі. Әрбіріміздің алдымызда таңдау еркі тұрады. Мысалы мен спортты таңдадым. Барлығының бірдей спортшы болуы мүмкін емес. Ол өмір заңдылығы. Десе де мықты суретші, өнерпаз, немесе ғалым шығуы ықтимал. Тек дұрыс мақсат қойып, елдің мерейін үстем етуді армандау қажет. Сол жолда аянбай еңбектеніңіздер.

Жүргізуші: *Құрметті Мұхит мырза, әрине спорт адамы болғансоң, халық алдында жүргеннен кейінде сізге артылған міндетте, жауапкершілікте өте көп. Ел алдында жүргенсоң, алдыңғы буын болғаннан кейінде осы жастар өзіңізден үлгі алатыны белгілі. Шетел ғұламасы*



айтадығой: «Өзіңнің жауың-өзің!»- деп. Сол сияқты өзіңізді қалай тәрбиелейсіз? Өзіңізге өзіңіз есеп беретін кездер болады ма?

- Жалпы шынайы тәрбие «Аналық мейірім мен әкелік қуаттан нәр алған» тәрбие дейді. Сол сияқты ата-ананың тәрбиесін көргендердің біріміз. Бізді бала кезден күнделікті күніне есеп беріп отыруды үйретті. Бүгін не істеп үлгердің? Бүгін қандай жақсылық жасадың? Қандай жамандық жасадың немесе кімге қандай пайда тигіздің? деген сияқты күнделікті істеген ісіне есеп беруді бала кезден санамызға кіргізді. Міне, сол сияқты әр күніме есеп беріп отырамын. Сонымен бірге өзіне есеп бере алатын адам өзінің жамандығын түзеп, жақсылығын асыра біледі.

Жүргізуші: *«Алты алаштың басы қосылса, төр мұғалімдікі». Қазіргі таңдағы тағы өзекті мәселенің бірі ұлағатты ұстаздарды кейбір студенттердің, ұлдардың сыйламауы, құрметтемеуі байқалып жатады. Осы тұрғыда жастарға қандай ақыл айтар едіңіз?*

- Осы киелі білім орда да өздерің мұғалімдік мамандықта оқып отырсыңдар. Ал болашақ педагогтердің ұлағатты

ұстаздарды сыйламауы адамның түйсігіне сыймайтын дүние. Мұғалімдерді сыйлау керек, құрмет көрсету керек. Ал сол көрсеткен сыйластықтарын ертең өздеріңнің алдарыңнан шығады. Жалпы адам баласы жақсылық жасаса да, жамандық жасаса да өз алдына келетіні өмір заңдылығы екендігі бәрімізге мәлім. Сондықтан да осындай жас



кездеріңді, албырт кездеріңді құр өткізбеулерін тиіс. Өйткені дәл қазіргі уақытта сендер білімге, өнерге ұмтылатын шақтарың және детағы да қайталап айтамын ЕҢБЕК, ЕҢБЕК, ЕҢБЕК!

1 курс, ФК-101 топ студенті Самарқанов Бекжан: *Құрметті Мұхит аға, өзіңізде біз сияқты осы білім ордасынан білім алып бітірген екенсіз. Ал сол*

мамандығыңыз бойынша жұмыс жасадыңызба?

- Бағана айтып өткендей «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша бітірдім. Медицина университетінде мамандығым бойынша екі жыл жұмыс жасадым. Өздерің сияқты студенттерге ұстаздық етіп, білім бердім.

1 курс, ФК-101 топ студенті Еркінов Елдос:

Үлкен додаларға бақ сынап және де түрлі жарыстарға қатысып жүргендеріңіз жалпыға мәлім. Ал осы жарыстар кезінде жарақат алған кездеріңіз болды ма? егер болса өзіңізді қалай қалпына келтіресіз?

- Әрине үлкен спортта жүргеннен кейінде жарақат бірге жүрері анық. Ал ең ауыр жарақатым: 2018 жылы грыжа болып он күндей төсек тартып қалған кезім болды. Жалпы бұл аурудың барлығы аяқтан басталады. Негізі сендерге айтарым осы кезден бастап аяқтарыңды жылы ұстау керек. Жассыңдар, қазір білінбеуі мүмкін. Бірақ та

уақыт өте келе міндетті түрде әсері білінеді. Еңбастысы денсаулық, сондықтан да жылы жүруге кеңес беремін. Ұлттық құрама да болғаннан кейін Алматы қаласында диспансеріміз бар. Сол жерде тексерілеміз, денемізде қандай бір ақау, жарақаттар бар болса сонда емделеміз. Дәрігерлердің нұсқаулығымен түрлі дәрілер, витаминдер тұтынамыз дегендей.

МҰХИТ ТҰРСЫНОВПЕН СҰХБАТ

Жүргізуші: *Жалпы адам баласы болғаннан кейін жалқаулық қасиеті кез келген адамда болады. Ал осы жалқаулықпен қалай күресесіз? Бізге қандай кеңес берер едіңіз?*

- Жалқау адам ешқашан жеңіске жетпейді. Жалқаулық жеңіліске жетелейді деп ойлаймын. Мен жалқаулық қасиетімді еңбекпен жеңмеймін! Сондықтанда сендерге айтарым: еңбектеніп үйренген адам ешқашан жалқаулыққа бойын бермейді. Еңбектеніңдер, ерінбеңдер. Сонда түбі бір нәтижеге жетесіңдер. Білім алудан ешқашан жалқауланбаңыздар. Кітап оқыңыздар. Мен кітап оқығанды жақсы көремін. Мысалға, «Кочевники», Иса Калашниктің «Жестокий век», «Как выйти из зоны комфорта», «Стрела Махамбета» ата берсем көп. Аталған кітаптар адамға жігер, өзіне сенімділік ұялатады.

Жүргізуші: *Әр адам баласында жарыстың алдында қобалжу, қорқу әсері болады, ал осы қобалжу қасиетін қалай жеңесіз?*

- Дұрыс айтасыз, қобалжу өркімде болатын дүние. Бірақ та әр спортшы жарыстан жарысқа қатыса келе, ол

жойылатын дүние. Өйткені тәжірибе жинайды, ал осы жинаған тәжірибесі жеңіске айналады. Ал жеңісте жеңген адамда сенімділік пайда болады. Қазіргі таңда өз басымда қобалжу қасиеті жоқ. Белдесетін палуанның әдіс-тәсіліне қарай практикалық түрде дайындаламыз. Сексенбей серпіле түсуге ұмтыламыз. Айта кету керек: «Қазақстан барысы» додасында бақ сынап, барымызды салып белдесіп, бас жүлде бұйырған еді. Ал сол бәйгеден қайтып туған өңір Семей жеріне келгендегі халықтың қарсы алуы, қошемет құрметі шыныменде қобалжытты деп айта аламын. Жарыс та сезінбеген сезімді, ағайынның ыстық ықыласы сездірді.

Жүргізуші: *Жалпы түрлі жарысқа қатысып жүрсіз. Қанжығаңыз майлы қайтып жүргеніңізде көпке белгілі. Ал осы жарыстардан алған үлкен бәйгелеріңізді айтып кетсеңіз.*

- Әрине, еткен еңбегің, төккен терің зая кетпей үмітің ақталып, көңіліңдегі күткенің орындалып жатса, ол бір жақсы нәрсе. Ең ірілерін айта кетсем: осы күнге дейін түрлі жарыстардан қанжығаға 9 машина бұйырғанды. Барлығын айтпай-ақ ең бағалысын

айтсам «Landcruiser Prado» машинасы болды. Осы тұлпарды әкеме сыйға тарттам. Қазіргі таңда әкемнің астында жүйткіп жүр.

Жүргізуші: *Белдесу кезіндегі өзіңіздің әдіс-тәсілдеріңізді теориялық түрде айтып берсеңіз?*

- Жақсы сұрақ, жалпы әр палуанның әдіс-тәсіліне әртүрлі дайындықтар жасаймыз. Жалпы күрес деген шахмат ойыны сияқтығой. Алдын ала ойланып барып көшесің дегендей. «Әр нәрсенің осал жері болады. Соны дөп тапсаң, тасты да ұсатуға болады» дейді, сол сияқты қарсыласының осал жерін іздеу керек. Нақты зіл әдіспен шабуыл жасау керек. Осы тұрғыда Брюс Ли айтқан екен: «Мың әдіс білетін палуаннан қорықпа, керісінше бір әдісті мың рет қайталаған палуаннан қорық!» - деген екен.

Сұхбат барысында бейне жазба арқылы Мұхит Тұрсыновтың кейінгі белдесулері көрсетілді. Сұрақ кезегі палуанымыздың ұстаздарына қойылды. Сөйтіп кешімізді әрі қарай Мұхиттың ұстаздары жалғады.

Жүргізуші: *Мұхит университет қабырғасында қандай студент болды?*

Дулат Советханұлы:

- Мен Мұхитқа төрт жыл сабақ бердім. Мұхит өте білімге құштар, талпынысы бар студент болды. Спорт пен білімді, яғни сабақты қатар алып жүретін жауапкершілігі мол адам. Әрине студент кезінде неше түрлі жарыстарға қатысып жүрсе де, сол сылтаумен сабақты кешіктіру немесе келмей қою қасиеті жоқ болатын. Жарыс аяқталысымен білімге ұмтылатын. Тағы да жақсы жағы кітапқа деген құштарлығы. Қазіргі таңда кейбір студенттерді көріп жүрміз. Жарысқа кетеді, сол сылтаумен бір екі апта сабаққа келмейтін. Міне, осы алдыңғы буын ағаларыңнан үлгі алуларың керек!

Марат Оразбаев:

- Мұхит ағаларың сендер сияқты студент қатарында болды, білім алды. Әрқашанда өзінің тәртібімен, жауапкершілігімен көзге түсе білді. Ұстаздарды қадірлей, құрметтей білетін және түрлі себепсіз сабақты ешуақытта босатпайтын. Жарысқа кеткен шағында белсенді түрде, тың дайындықты түрде қатысады, жарыс қашан аяқталады ертеңінде сабақта отыратын.



Міне, нағыз ер жігітке сай жауапкершілік!

Қосымша айта кететін дүние осы ағаларыңның туған інісі, ізін жалғаушы тірегі Нұрсұлтан да біздің университеттен білім алды, сендер сияқты студент болды. Олда өте тәртіпті, алғыр болды. Грек-рим күрес түрінен Азия чемпионатына қатысқан. Биыл міне Токио Олимпиадасында бақ сынасып, өзінің күш-жігерін, қайтпас қайсар қайратын, әлемнің боз кілемінде көрсетіп жүрген, қазақтың даңқын асырып жүрген осы ағаларыңның бауыры Нұрсұлтан. Мінекей, осы қазақтың атын әлемге шығарып жүрген, тайсалмас ағаларыңнан үлгі алу жастар сендерге міндет! - деп сөзін аяқтады.

Қорытынды сөз Мұхит Тұрсыновқа берілді:

- Құрметті студенттер! Ең бастысы еңбектеніңдер, осы жолда ешқашан ерінбеңдер! Өмір мен спорт екеуінде жеңіс пен жеңілістен тұрады. Жеңгенде тасып, жеңілгенде жасымаңдар. Спорт төзімділікті, қайраттылықты талап ететін сала. Алдарыңа қойған мақсатқа берік болып, сол жолда нық басып, еңбек етуден ешқашан шаршамандар. Ал сол еткен еңбектерің еш кетпейді, түбінде бір жемісін көретін боласыңдар. Барлықтарыңа тек қана сәттілік тілеймін!

Кеш соңында палуанымыз жастарды салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуға шақырды.

Роллан НИЯЗОВ
Жаратылыстану-математика факультетінің декан орынбасары



ЕСЕНГЕЛДІ ОМАРБЕКҰЛЫ – ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ!

Есенгелді аға, мен сізді елім, білім алған жерім Семейім - деп соққан жүрегіңіз үшін ерекше қадірлеймін.

Біз ұстаздарды жеткілікті дәрежеде бағалап, дәріптей білеміз бе?

2014 жылы ҚР ҒБ министрінің арнайы бұйрығымен «Шәкерім» атындағы университетке мемлекеттік емтихан комиссиясының (МЕК) төрағасы болып бекітіліп, Семей қаласына келдім. Вокзалдан ветеринариялық санитария кафедрасының меңгерушісі, профессор Есенгелді Омарбекұлы, әріптестерім Абдрахман, Марал және студенттер арнайы қарсы алды.

«Есенгелді аға, әуре болып осынша құрмет көрсетіп жатырсыз, жастарда тосып алар еді ғой, өзім барып алдым ұстаздарым - сіздерге сәлем береуім керек еді» деп ыңғайсыздық таныттым. Құшақ жайып, қауышып жатырмыз. Саған сабақ берген ұстаздарың да күтіп отыр деп, қолымдағы жүгімді алып, Еркін Қасымов біздің шәкіртіміз - белгілі ғалым, қазақ тілінде жазған оқулығыңды, оқу құралдарыңды, монографияңды студенттеріміз оқып жатыр, биыл тағы да 50 дана оқулығыңды (Индеттану және инфекциялық аурулармен күрес шаралары. «Атамұра», 2009) арнайы тапсырыспен алдырып университеттің кітап қорын толықтырды, «Қысылма», бұл білім адамына деген құрмет деп қасындағы студенттерге таныстырып жатыр. Вокзал алаңында орнатылған Хан батыр Қабанбай бабамыздың ескерткішінің алдында естелікке фотосуретке түстік.

Ойыма 1980 жылы Семейдің зоотехникалық-ветеринария институтын бітіргенімізде Грузияның астанасы Тбилиси қаласынан келген акушерлік-гинекология маманы профессор П. Манясанның МЕК төрағасы болып келгені, оны сол кездегі ветеринария факультеті деканының орынбасары (кейіннен институт ректоры) Тоқаев Зейнолла Қалымбекұлының, институт комсомол ұйымының хатшысы (курстасымыз) Төлеген Ибраевтың ұйымдастыруларымен құрметтеп қарсы алғанымыз есіме оралды. Аллаға шүкіршілік еттім.

Есенгелді Омарбекұлы факультет деканы, университет басшыларымен, ардагер профессорлармен (белгілі патолог-анатом Халит Смағұлұлы Жумабеков, СЗВИ ректоры Зейнолла Калымбекұлы Тоқаев, белгілі зоогиена маманы Мұқташ Садуақасұлы т.б.) жолықтырып, ғылым, оқу-әдістемелік тақырыптарда дөңгелек стол ұйымдастырды.

Расында, Есенгелді ағаның бойынан бүгінгі жоғары оқу орындарының ғалым-педагогтарына қойылып отырылған көркем мінездік (Soft skills) пен профессионализм (Hard skills) сияқты негізгі рейтинг талаптары аңғарылып тұрды. Оның іс-әрекетінен университет түлектерінің келешек өміріне жолдама беретін жоғары жауаптылықты іш дүниеммен сездім, оны ұлағатты ұстазымыздың көркемдікпен жеткізгенін жылы қабылдадым. Осы бір өлең



зүзіндісін:

Есенгелді аға!
Киелі жер, Семейге келдім,
Сағыныш толы кеудемде.
Еркін келді деп, қарсы алдың өзің,
Ризамын дарқан көңіліңе... деп жалғастырылған өлең шумақтары Есенгелді ағамызға арнаған едім.

Университеттің студенттер үйінде (бұрынғы «Ертіс» қонақ үйі) 11-ші қабаттағы интернетпен қосылған арнайы екі бөлмелі қонақжайға орналастырды. 1994-ші жылы Семей облысының әкімі В. Ф. Черновтан мал терісін сыртқа шығаруға лицензия алып, оны Түркия мемлекетіне экспорттау мәселесімен жүрген кездерімде осы бөлмелерде тұрған едім. Керемет панорама - терезеден Ертіс өзені, Жаңа Семей, Ескі Семей, көпір, Түйе мойнақ (полковник) аралы жақсы көрінетін. Есенгелді аға шәкіртіміз деп ерекше көңіл бөліп, көптеген кездесулер ұйымдастырды. Бұл сапар маған 35 жыл бұрын жүріп өткен жерлерді көріп, студенттік, аспиранттық жылдарымды еске алуға мүмкіндік берді.

Менің ғылымға деген құштарлығым Есенгелді Омарбекұлының бір кафедрада еңбек еткен досы ҚР ҰҒА академигі, ғылыми жетекшім, рахметті Тілеуберді Сайдолдаұлының Кеңес Одағы жылдарында шалғайдағы Семейде құрған ғылыми мектебінде 2-курс студенті кезімнен қалыптасқан еді. Халықаралық деңгейде зерттеулер жүргізге алатын мұндай ғылыми мектептерді дамытып ел мұқтажына пайдалану бүгінде күттірмейтін өзекті мәселе (Қасымов Е.И. Халықаралық деңгейде ғылыми мектеп құрған ғалым еді. Qazagstan Dauri газеті №42 /1326/ 22 қазан 2020).

Есенгелді Омарбекұлы басқада МЕК мүшелерімен бірге бакалавриат, магистранттардың мемлекеттік емтихандары қабылдадық, дипломдық жұмыстарды, диссертацияларды алдынала департаменттерде талдау жасатып, олардың ғылыми еңбектері МЕК отырыстарында зерделеніп, объективті бағалануы қадағаланды. Талантты жастарға магистратура, PhD-ға жолдама беру басты назарда болды. Есенгелді Омарбекұлы бұл тұрғыда өзінің профессионал маман дайындаудағы жоғары эрудициясын көрсете білді. Сол

кезде магистратураны бітірген Шыңғыс Сүлейменов, Динара Зайнитдінова, ҚР АШМ ветеринария комитетінің бас маманы Исмағұлов Ербол Жарылқасынұлы хабарласқанда, «Аға, өзіңіз берген жолдамамен PhD білімін де жалғастырып жатырмыз» дегендері, жүрекке жылу ұялатады.

Бос уақыттарымызда: Қоңыр әулие, Жидебай, Абай, Семей полигоны, қала, университет музейлерін араладық. Кешкі уақыттарда ұстаздармен, курстастармен, жерлестермен кездесіп өткенді, бүгінді, ертеңімізді зерделеп, сыр шерттік.

Оңнан солға қарай МЕК мүшелері Е. О. Омарбеков, А.Т. Серикова, үздік бакалавр, төраға Е.И. Қасымов, үздік магистр, ата-ана, магистрлер. Семей қаласы, 1915 жыл.

Есенгелді ОМАРБЕКҰЛЫ ҚР ҒБ министрлігінің, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университеті ректорының марапаттарымен қатар, халықаралық дәрежеде марапаттар иеленген ұлағатты ұстаз. Ол француз тілін меңгеріп, 1978 жылдан 1981 жылға дейін Африканың Гвинея Халықтық-Революциялық Республикасында ветеринариялық медицина факультетінде микробиология және вирусология пәнінің оқытушысы қызметін аброймен атқарған.

Қадірменді Есенгелді аға, өзіңізді ерекше құрметтеймін. Еркін біздің шәкіртіміз деп кішілік танытқан періште көңіліңізге адами рахметімді айтамын, қабыл алыңыз!

Биыл (2021ж.) жетпістің асуына келіп, есеп беріп жатырсыз, алда талай асулар бар. Балалар - өмірінің есте қалатын жақсы бір кезеңі. Бұқар бабамыз «Қырық деген жасыңыз ерттеп қойған құр аттай, елу - алпыс жасыңыз көшіп қонған ел екен, жетпіс деген жасыңыз ол да бір сая жер екен» деген екен. Жетпіс бестен аттап, сексеннің самалында зор денсаулық, творчестволық табыс, балаларыңыздың, немере-шөберелердің, ағайын-туыс достардың ортасында жеңгемізбен бірге бақуатты ғұмыр суруіңізге шын жүректен тілектеспін!

Еркін ҚАСЫМОВ
ветеринария
ғылымының докторы,
профессор

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент Омарбеков Есенгелді Омарбекұлының 75 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы қазіргі заманғы ветеринария ғылымының жетістіктері: инновациялар, тәжірибе, проблемалар және оларды шешу жолдары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.



«XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ: ИННОВАЦИЯЛАР, ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»

Конференцияның мақсаты: ветеринария саласындағы ғылыми білім мен инновациялық жетістіктерді шоғырландыру.

Конференцияны ашу үшін алғы сөз университеттің Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Иісбекұлына берілді. Басқарма мүшесі Іс-шараның маңызын айта келе, Нұр-Сұлтан, Алматы және Өскемен қалаларынан келген қонақтарға алғысын білдірді.

Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Тоқаев Зейнолла Калымбекұлы бастаған бір топ ғалымдар мен Шығыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Е.С.Батхолдин, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы С.Х.Садвақасов, Бесқарағай ауданының әкімі Ж.Б. Байсабыров, Үржар ауданының әкімі Н.Т.Тоқсейітов, Семей қалалық аумақтық инспекциясының басшысы Ж.Б. Ракишев, Республикалық эпизоотиялық отрядқа қарсы отряд басшысы Б.О.Рымбаев, «Республикалық ветеринариялық зертхана» Семей өңірлік филиалының директоры А.Қ.Балуанов, Семей-Вет коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысы Е.Н. Алимбаев және шәкірттері құттықтау сөз айтып, Есенгелді Омарбекұлының ғылымға енгізген еңбектері мен бастан өткізген қызықты оқиғаларын айтты.

Конференция Пленарлық мәжіліс пен секциялардың жұмыстарымен жалғасты.

Іс-шара қазіргі әлемдік ахуалға байланысты сақтану шарасымен, аралас форматта өтті және өзге қатысушылар ZOOM платформасында онлайн түрде қатысты. Конференция жоғары деңгейде өтті.

Ветеринария және агроменеджмент факультеті



ҰСТАЗҒА ҰЛАҒАТТЫҚ - ТАҒЗЫМ

Аса құрметті Есенгелді Омарбек ұлы сіз - Шығысымыздың ауыл шаруашылығына қатысты маңдайына біткен жоғары оқу орыны - киелі мекеніміздің кешегі Семейдің зооветеринариялық институты бүгінгі Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ талмай қажырлылықпен ұстаздық еңбек етудесіз.

Дана халқымыз “Базарда адам көп, бірақ сәлем сүйгеніне беріледі” дейді.

Сіздің ғылым мен ұстаздық ұлағаттылықтағы орныңызды, осы уақытқа дейінгі асқан асуларыңызды көре тұра - бұл сәлемді шәкіртіңіздің ұстазына деген тағзымы ретінде қабылдауыңызды сұраймын.

Халқымыз “Атадан ұл туып, ата жолын қуса игі” - деп текке айтпаған ғой. Сіз ұл, қыз өсіріп - ұлын ұяға қызын қияға қондырған абзал әке, асқар таудай ата, адал жар және ғалым - ветеринарсыз. Бала тәні ауырса – анаға, шәкірт жаны ауырса - ұстазына жүгінуі заңды нәрсе. Кейде халқымыз “Өткен күнде белгі жоқ” - деген ғой бірақ, көп жағдайда соны түсіне алмаймын. Бір жағынан бұл менің өзіңіздің жан дүниенізді шәкіртіңіз ретінде түсінуден туындаса, екіншіден өз пікірімді ортаға салу деп түсінерсіз. Мен өзіңіздің шәкіртке деген талапшылдығыңыз бен ерекше талғамыңыз, күтер асқақ мақсатыңыз бен әрдайым рух бере отырып, шәкіртті жігерлендіру ұстанымында сабақ өткізуіңізге қызығамын. Мен таныған еңбекқорлық, адамгершілік қасиеттер мен мұнтаздай тазалық, серілігіңізге ақ халатты абзалдығыңыз - вирусологиялық реакциялар сияқты үйлесімділіктің өзі бір ғанибет - дастан ғой шіркін!

Дәлірек айтқанда қазақ айтқан тектіліктің ұстанымын сіздің әулеттен көруге болады: өкеніздің еңбек майталманы, Социалистік Еңбек ері, өзіңіздің ғылыми шеңізіңіз, ұлыңыздың АҚШ елінде жан ұясымен еңбек етуі, немереңіздің Швейцария мектебінде оқуы. Берісі өзіңіздің тәлімгерлік шеберлігіңізді жалықтастан дәріптеуіңізді - Алла әулетіңізге берген несібелік ырыздық бақыты дер едім. Сіз сегіз қырлы бір сырлы азаматсыз. Қолыңыздан қазақтың қара домбыраны түспеген. Домбыраны сонау Африканың Гвинея Республикасында 3 жыл жаныңызда ұстап, ол жердегі студенттерге, халқына таныттыңыз. Бұл өнеріңіз отбасылық, ресми отырыс болсын сол ортаның қазақи әуенін ерекше бір тебіреніске бөлеуге ықпал еткен шынайы ұлттық тұмар дер едім.

Жалпы ұстаз деген ұлы есімге берілген ұлы тұлғалар ұстанымын тілге тиек етер болсам: «ұстаз жаратылысынан алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жан» деген екен Әл-Фараби. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу бұл нағыз шеберлік емес пе?! Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет» деген.

Сізді осынау мерей тойыңызбен құттықтап, зор денсаулық тілей отырып, ұстаздықтан жалықпас деген ойды сеніммен айта аламын.

Есаға бұл мереке – өміріңіздегі ең қуанышты күндердің бірі болсын! Барлық армандарыңыз бен жоспарларыңыз орындалсын! Достарыңыз бен туыстарыңыздың өрісі кеңейіп, әулеттен бақыт кетпесін! 100 жасаңыз!

Сіз мейірімді, талапшыл адамгершілігі мол адамсыз, сол үшін біз сізді пір тұтамыз!

**Шәкіртіңіз
Ермек ЕРЕЖЕПҰЛЫ**



Тәуелсіз Қазақстан тарихының қайта жаңғыртушысы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1931 жылы Қостанай облысы Меңдіқара ауданында дүниеге келді. 1953 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, еңбек жолын Қостанай педагогикалық институтында бастайды. Бұдан кейінгі еңбек жолы Алматы қаласында жалғасты. Қазақ Совет энциклопедиясының негізін салған, бас редактор болды. Манаш Қабашұлы өмірінің соңына дейін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтын басқарды. Ғылым жолында Манаш Қабашұлының қалам тартқан ең күрделі тақырыбы – Ұлы Отан соғысы тарихы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында академик М. Қозыбаев жаңа сипаттағы Қазақстан тарихының жаңа тұжырымдамасын жасауға қомақты үлес қосты. Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ұлт мәселесі тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаевтың еңбектерінің басты тақырыбына айналды. 1991-2002 жылдар аралық мерзімді басылым беттерінде оның тәуелсіздік, ұлт тақырыбына арналған көптеген мақалалары жарияланды. Атап айтқанда «Тәуелсіздік толғаныстары», «Тіл тағдыры-ұлт тағдыры», «Тәуелсіздік даңғылы» «Киелі тәуелсіздік», «Ұлт зиялылары» тағы басқа мақалалары жарық көріп, Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолдары мен оның тарихи маңызы, халқымыздың ұлтжандылық қасиеттерін айқындауда негізгі роль атқарды десек артық айтпаған болар едік.

Манаш Қабашұлы Отан тарихын зерттеудің парасатты жолын ұсынды, оның басшылығымен тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасы жасалынды. Ғалым ұлттық тарихымыздың басты бағытын айқындап, тәуелсіз мемлекетімізбен халқымызға қызмет жасауға күш жігерін аямады. Ол қазақ елінің тәуелсіздік тарихының жаңа концепциясын жасауда өз зерттеулерінде жаңа ой-тұжырымдар жасады. Қазақ халқының этногенезінен бастап Қазақстанда мемлекеттердің пайда болу тарихы, Қазақстанның Ресейдің отары-

АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРІ

(Академик М.Қ. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл)

на айналу үрдісі кезеңдері, барысы, нәтижелері, Ресей мен КСРО кезеңіндегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, «Кіші Қазан идеясы», 30-шы жылдардағы ашаршылық, саяси репрессиялар, Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихының бұрынғы кеңестік заман кезеңіндегі айтуға да жазуға да болмайтын тұстары, тоталитарлық билік сабақтары, шағын халықтардың Қазақстанға қоныс аударуы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, Қазақстан тарихының тарихнама мәселелері жөнінде зерттеулер жүргізді.

Осы айтылған мәселелері бұқаралық, мерзімдік басылымдарда, түрлі деңгейдегі мінбелерде айтылды. Ресей Ғылым академиясының тарих институтымен бірлесе отыра, Орта Азия мен Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатын қайта қарады. М.Қозыбаев бастаған авторлық топтың мақаласы «Казхастанская трагедия» деген атпен сол кездегі «История СССР» журналында /1990, №7/ жарияланды. Күштеп ұжымдастыру, бай-қулақтарды тәркілеу, қазақ халқының басынан өткен ашаршылық жылдары, жеке басқа табыну тұсындағы оқиғаларды қайта қарауды, жаңа баға беруді Жоғарғы Кеңес Президиумының алдына қойды. Қазақ жеріндегі аштық –нәубет жылдарын Сталиннің кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатын этноцид деп бағалады, шаруалар көтерілісі мен толқуларын алғаш рет зерттеуге жол ашқан ғалым. Манаш Қабашұлы жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған мыңдаған адамдарды ақтауға өз үлесін қосты. Бұл Отан тарихын зерттеудің жаңа белесі, кезеңі болып табылады.

Ғалым ел бостандығы жолындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіндегі 60 мыңнан астам адамның патша жеңдеттерінің қолынан қаза тапқанын, 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан 2 млн. 250 мың адамның өмірін қиғанын, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықта тағы да миллиондаған адамның опат болғанын айтып, жазықсыз жапа шеккен азаматтарымыздың ақталуы үшін жан аямай еңбек етті.

Отандық тарих ғылымында 90-шы жылдардың басы ұлт-азаттық қозғалыстар және Алаш қозғалысымен, Алашорда автономиясы тақырыбына қатысты зерттеулер жүргізуімен ерекшелінеді. Көптеген мәселелер төңірегінде Манаш Қабашұлы да ауқымды зерттеулер жүргізді. Аталған зерттеулер нәтижесінде «История и современность», «Жауға шаптым

ту байлап», «Тарих зердесі», «Проблемы Отечественной истории: методология, историография, источники», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» тағы басқа еңбектері дүниеге келді. Орыс және қазақ тілдерінде «Қазақстан тарихының очерктері» жарыққа шықты. Ғалымның басшылығымен «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының бес томдық академиялық басылымы жарыққа шықты. Бұл –ТМД елдеріндегі жарияланған тұңғыш ұжымдық басылым болып табылады.

М.Қ. Қозыбаев академиялық ғылымның білім саласымен дәстүрлі байланысын одан әрі дамыта отырып, жоғары оқу орындары мен орта мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға ат салысты. Оның басшылығымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған «Зерде кітабы» /60 томдық/, саяси-қуғын-сүргін құрбандарына арналған 5 томдық «Азалы кітап» еңбектері және мектеп оқулықтары басылып шықты.

Ғалымның «Ақтандақтар ақиқаты» атты ел құрметіне, оқарман ықыласына бөленген еңбегінде «Голощекин. Саяси портрет», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» сияқты мақалалары тарихи әдебиетімізде портреттер галереясын жасаудағы алғашқы қадам еді. М.Қозыбаев «Ермак аңыз және ақиқат» атты көлемді еңбегінде Ермак пен орыс казактарына байланысты тарихи шындықты айтты, ғасырлар бойы халықтың санасында қалыптасқан пікірлерді ажыратты, түрлі аңыздардың жасанды сипатын әшкереледі. Оның қаламынан шыққан Хан Кене, Абай, Мұхтар Әуезов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсын, Әмір Әбдіғар, Қаныш Сатпаев, Әлекей Марғұлан, Ермұқан Бекмаханов атты басқада арыстарымыз бен қайраткерлеріміз жөнінде танымдық, тағылымдық зерттеулері, көпшілікті қызыға оқитын туындыларына айналды. Ол 1989 жылы Қазақ КСР Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі-академик болып сайланды. Жоғарыда аталған туындыларда ғалымның қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен далалық өркениеттің жаңа қырларын айқындады.

М.Қ. Қозыбаев – 30 дан астам монографияның, 50-ден астам ұжымдық еңбектердің, 800-ден астам ғылыми жөнек ғылыми-көпшілік еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ғалым еңбектерінің көпшілігі тәуелсіздік жылдарында жарық

көрді, сөйтіп, ол тарихымыздағы ақтандақтарды халқына танытып қана қоймады, зиялы тұлғалардың біріне айналды. Көрнекті ғалымның түрлі салада жазған еңбектері АҚШ-та, Ресейде, Қытайда, Украинада, Германияда, Болгарияда, Молдавияда,, Иранда, Жапонияда тағы басқа елдерде жарық көрген. Тәуелсіз еліміздің өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрған ғалым ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар, мемлекеттік және қоғамдық істерге де белсене қатысты.

Ғалым ұстаз шәкірттер тәрбиелеп, ғылыми мектеп қалыптастырды. М.Қ. Қозыбаев жетекшілігімен 90-ға тарта ізденушілер докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. Шәкірттерінің ішіндн алғаш және жақын шетелдерден де бар. Мәселен, Ресей, Қытай, Манголия, Өзбекстан тағы басқа елдердің ғылыми кадрларын дайындауға ат салысты.

Ғалымның ғылымда өз орнын алу, оған үлес қосу, шәкірттер даярлау, ғылымның бағытына келешегіне ықпал ету болса, міне осы міндетті орындаған тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаев. Артына ғылыми мұра қалдырған, халқының өткен тарихын танып білуге өлшеусіз үлес қосқан Манаш Қабашұлының есімі Солтүстік Қазақстан университетіне берілді. Жыл сайын аталған университетте «Манаш Қозыбаев оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция өтіп отырады. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде және Қостанай мемлекеттік университетінде арнаулы дерісханалар ашылған. Алматы қаласының бір көшесі ғалым ағамыздың атына берілген. Осыдан бірнеше жыл бұрын Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде де Манаш Қозыбаев атындағы орталық ашылды. Университеттегі орталықты Мұхтарбек Қарпықұлы Кәрімов басқарып, академик Манаш Қабашұлының ғылыми мұрасын жалғастыруда үлкен үлес қосты, орталық әлі де өз жұмысын жалғастырып келеді. Халқымызда «Дананың аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген жақпа сөзі бар. Тарихи сананы қалыптастыруда артына із қалдырған ғұмырын ғылымға арнаған Манаш Қабашұлының аты мен ғылыми мұрасы өшпейді деген осы.

Қымбат БАЙСАРИНА
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ҚАСЫМБАЕВ ЖАНҰЗАҚ ҚАСЫМБАЙҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Көрнекті тарихшы-ғылым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаев XVIII-XIX ғ.ғ., XX ғасырдың бас кезіндегі өлке қалаларының қазақ ауылдарымен және іргелес жатқан елдермен қарым-қатынастары, Орталық Азиядағы саяси және сауда байланыстары, қазақ жерінің Ресей империясының құрамына кіруі, қазақ хандығының танымал тұлғаларының, көтеріліс көсемдерінің өмірі мен мемлекеттік қызметтері жайлы көпшілікке, ғылыми ортаға беймәлім болып келген тарихымыздың «ақтандақ» беттерін зерттеп-білуге ерекше назар аударған.

Ұлттық тарихтың әртүрлі кезеңдеріне байланысты тың зерттеулер жүргізіп, аса бай деректерге толы еңбектерін Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Астрахань, Новосібір, Орынбор, Ташкент, Том, Барнаул қалаларындағы мұрағаттарда жұмыс істеп көптеген маңызды құжаттармен, дерек көздерін ғылыми айналымға енгізген.

Ғылымның жемісті ғылыми ізденістерінен туған сан салалы еңбектерінің ішінен Ертіс бойындағы Семей, Өскемен, Павлодар сияқты қазақтар жиі қоныстанған қалалардың XVIII-XIX ғасырлар XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-экономикалық, бүкіл саяси, мәдени, ғылыми даму тұрғысынан жан-жақты қарастырылған терең мазмұнды, көлемді зерттеулері елімізде және шетелдерде жоғары бағаланды.

Өткен жолы көп сырларға толы еліміздің рухани-мәдени астанасы болған Семей қаласының тарихын алғаш рет жан-жақты зерттеген профессор Жанұзақ Қасымбаев Ескі қала (Семей) «Білім және Еңбек» журналында, «Семейдің XVIII ғ. екінші жартысындағы орыс-қазақ экономикалық қатынастарын дамытудағы рөлі» мақаларында Семей қаласының екі ел арасындағы қарым-қатынастағы стратегиялық маңызын айқындап көрсетеді.

Сондай-ақ Семей қаласы өз заманының үздік өкілдері болған революционерлер мен демократтарға саяси мекен болған жер екенін «XIX ғ. екінші жартысындағы Семей қаласындағы саяси жер аударушылардың қызметі», «Е.П.Михаэлис-Абайдың досы» атты көлемді мақалаларында қаланың саяси, мәдени, әдеби өміріне әсер етіп, солардың қатысуымен көптеген тарихи оқиғалардың болғанын ұлы Абай сияқты дара тұлғалардың жеке тағдырында ерекше із қалдырған маңыздылығын тың тұжырымдарымен

айшықтап көрсетеді. «Семейде өткізген жылдар (Ф.М.Достоевский Қазақстанда)» деген «Үгітші блокноты» журналында жариялаған мақаласында, орыстың ұлы жазушы Ф.М.Достоевскийдің шығармашылық қызметі мен ұлы ғылым Ш.Уәлиханов пен достығы туралы қызықты тарихи деректер келтіреді.

Ғалым 1971 жылы «XVIII-XIX ғ.ғ. Семей қаласы тұрғындарының саны мен құрамы» атты ғылыми мақаласында Семей халқының сандық, ұлттық құрамы көрсеткіштеріне ғылыми талдау жасаған.

«Семей қаласының тарихы (1718-1917 ж.ж.) атты монографиясында Семей қаласының тарихын революцияға дейін Қазақстандағы ең ірі сауда орталығы болғанын, Ресей мен Қазақстанның Батыс Қытай қалаларымен экономикалық қарым-қатынастарының дамуына үлес қосқанын өзара сауда қатынастарын кеңейтудегі транзиттік делдалдық қызметі көрсетіліп, көптеген құнды мұрағат деректері мен тарихи құжаттар келтірілген.

Семей қаласының тарихы туралы еңбектері, кейін Шығыс Қазақстан қалаларының бүкіл қазақ тарихындағы, қазақ-жоңғар, қазақ-қытай, қазақ-орыс қарым қатынастарындағы орны туралы көп жылдық ізденістері нәтижесінде 1983 жылы «Шығыс Қазақстан қалаларының қазақ ауылымен, отырықшы деревнямен және шекаралас елдермен өзара қарым-қатынастарындағы орталықтар ретінде дамуы» деген тақырыптағы докторлық диссертациясы ұлттық тарих ғылымындағы елеулі оқиға болды. Осы еңбегінде және одан кейінгі жылдары жазған зерттеулерінде қазақ даласында феодалдық қоғамның ыдырап, капиталистік қатынастардың шалғайдағы отарланған өлкеде пайда бола бастаған жаңа үрдістерінің өзіндік ерекшеліктері туралы Шығыс Қазақстан қалалары, оның ішінде Семей қаласы мысалында жаңа тұжырымдамалық теориялық қағиданы алғаш рет негізден айқындады.

1998 жылы Алматы қаласында жарық көрген жоғарыда аталған «Семей қаласының тарихы (1718-1917 ж.ж.) жан-жақты зерттеген монографиясы тарихы бай, рухани астана аталған шаһар туралы зерттелген бірден бір бағалы ғылыми (өрі энциклопедиялық) еңбек болып табылады.

Тәуелсіздік алған жылдары 2002 жылы жарық көрген бес томдық «Қазақстан тарихының» 3-томының негізі авторларының бірі болды. Осы 3-томның екінші тарауы бойынша ғалым Урбанизация үрдістері,

қалалардың әлеуметтік-мәдени бейнесі, банк-ақша қатынастары атты 7-параграфында 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша Семейдің облыс орталығына айналып, Ертіс арқылы кеме қатынасы жолға қойылғандағы, осының арқасында Семей астық тасылып жиналатын негізгі пункт болғандығы, 1881 жылы Семейде алғаш рет мемлекеттік банк бөлімшесі жұмыс істегендігі туралы маңызды тарихи деректер келтірді.

Ұзақ та, тұрақты делдалдық орны Семей тарихын қоршаған ортамен тығыз байланыстырды - Қазақстанның 1917 жылға дейін бір де бір елді мекені Семейдің жаңа кезең тарихындағы белгілі мәдениеті, қоғамдық-саяси оқиғалар ошағы ретіндегі рөлімен бәсекелесе алмады деп қорытынды жасаған ғалым пікірі [3,258] өз маңызын әлі жойған жоқ.

Қазіргі кезде Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде оқитын тарих мамандығы студенттеріне «Қазақстанның жаңа заманғы тарихы» кезеңі бойынша және де «Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы XIX-XX ғ.ғ.», «Шығыс Қазақстан облысының тарихи географиясы», «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының өзекті мәселелері», «Қазақ хандығының құрылуы мен даму тарихы», «Туған өлке тарихы: оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Өлке тарихын оқыту әдістемесі» базалық пәндерді оқыту барысында таңдау компоненті ретінде оқытылып еңбектері кеңінен пайдалануда.

Сондай-ақ Шәкәрім университетінің ғалымдары - Зарифова М.А., Қаримов М.К., Мұсабалина Г.Т. және Д.И.Бралиновалардың авторлығымен Білім және Ғылым Министрлігінің құзыретімен орта мектептің 8-9 сыныптарында «Шығыс Қазақстан тарихы» орыс және қазақ тілдерінде оқулықтары, жұмыс дәптерлері, оқу-әдістемелік құрал және хрестоматия, библиографиялық нұсқаулық шығарылып, мектептерде оқытылуда. Осы пәнді оқытуда ғалым Ж.Қасымбаевтың еңбектері толық қамтылып, тереңдетіліп оқытылады.

Ж.Қасымбаевтың Семей қаласының, Шығыс Қазақстан қалаларының тарихи туралы салиқалы зерттеулері Тәуелсіз Қазақстанның жас ұландарының өлке тарихын зерттеудегі қалыптастырған мектебі жалғасын табуда.

Р.Ж.МУХАМЕДЖАНОВА
тарих ғылымдарының кандидаты

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
ДЗЮДОДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ТУРНИР ӨТТІ**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай "Дзюдодан жоғарғы оқу орындарының студенттері арасында Шәкәрім университеті жұлдесіне арналған республикалық турнир" өткізілді.

Байрақты бәсекенің ашылу салтанатында университеттің Басқарма төрағасы - Ректор Б.А. Ердембеков спорттың маңызына тоқталды. Сондай-ақ Шәкәрім шаңырағының дзюдо тарихында әлемдік додалардан жүлдегер атанған палуандарымыз жайлы сөз қозғап, спортшыларға сәттілік тіледі.

Тартысты бәсекеде жас спортшылар 52-100 келі арасындағы 10 түрлі салмақ дәрежесінде өзара мықтыны анықтады.

Салмақ дәрежелері бойынша турнирдің жеңімпаздары:

52 келі салмақта

I-орын Кенесова А. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті)

57 келі салмақта

I-орын Мухамбетова А. (М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті)

II-орын Тұнғатарова С. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті)

III-орын Жуманова А. (Шәкәрім атындағы университеті) және Айдархан С. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті)

60 келі салмақта

I-орын Қалмақбаев А. (Шәкәрім атындағы университеті)

II-орын Амандық Е. (М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті)

III-орын Темірбай С. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) және Молжигитов М. (Шәкәрім атындағы университеті)

63 келі салмақта

I-орын Мұхамадиярова Д. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті)

66 келі салмақта

I-орын Имаханов Е. (Шәкәрім атындағы университеті)

II-орын Сиязбеков А. (Шәкәрім атындағы университеті)

III-орын Жұмабайұлы А. (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) және Мұхаметқалиев Ж. (М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті)

73 келі салмақта

I-орын Жумагелдин А. (Қазақ спорт және туризм академиясы)

II-орын Қайырбек М. (Шәкәрім атындағы университеті)

III-орын Анабеков Д. (Шәкәрім атындағы университеті) және Сыдықов А. (Шәкәрім атындағы университеті)

78 келі салмақта

I-орын Айдыңқалы Ж. (Шәкәрім атындағы университеті)

81-келі салмақта

I-орын Қайролла Ж. (Шәкәрім атындағы университеті)

II-орын Шалабаев М. (Ө.Бөкейханов

атындағы университеті)

III-орын Есімханов Е. (Шәкәрім атындағы университеті)

90 келі салмақта

I-орын Өмірзақ Н. (Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

II-орын Жұмашев М. (Шәкәрім атындағы университеті)

III-орын Әділов А. (Ө.Бөкейханов атындағы университеті) және Арғынов Е. (Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

100 келі салмақта

I-орын Ғабдулманап Е. (Ө.Бөкейханов атындағы университеті)

II-орын Жексенғазы А. (Ө.Бөкейханов атындағы университеті)

III-орын Ертісов А. (Шәкәрім атындағы университеті)

Тартысты дода нәтижесінде Шәкәрім шаңырағы I-орынды иеленді.

**В УНИВЕРСИТЕТЕ ИМЕНИ
ШАКАРИМА ПРОШЕЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТУРНИР**

В честь 30-летия Независимости Республики Казахстана был проведен "Республиканский турнир по дзюдо среди студентов высших учебных заведений".

На открытии Председатель Правления Б.А. Ердембеков пожелал спортсменам удачи, отметил важность данного мероприятия, а также рассказал о наших борцах, ставших призерами мировых соревнований в истории дзюдо Шакарима.

Борьба проходила в 10 весовых категориях от 52 до 100 кг.

Победителями турнира по весовым категориям:

52 кг

I-место Кенесова А. (Кызылординский университет имени Коркыт ата)

57 кг

I-место Мухамбетова А. (Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова)

II-место Тұнғатарова С. (Кызылординский университет имени Коркыт ата)

III-место Жуманова А. (Университет Шакарима) и Айдархан С. (Кызылординский



университет имени Коркыт ата)

60 кг

I-место Қалмақбаев А. (Университет Шакарима)

II-место Амандық Е. (Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова)

III-место Темірбай С. (Кызылординский университет имени Коркыт ата) и Молжигитов М. (Университет Шакарима)

63 кг

I-место Мұхамадиярова Д. (Кызылординский университет имени Коркыт ата)

66 кг

I-место Имаханов Е. (Университет Шакарима)

II-место Сиязбеков А. (Университет Шакарима)

III-место Жұмабайұлы А. (Кызылординский университет имени Коркыт ата) и Мұхаметқалиев Ж. (Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова)

73 кг

I-место Жумагелдин А. (Казахская академия спорта и туризма)

II-место Қайырбек М. (Университет Шакарима)

III-место Анабеков Д. (Университет Шакарима) и Сыдықов А. (Университет Шакарима)

78 кг

I-место Айдыңқалы Ж. (Университет Шакарима)

81 кг

I-место Қайролла Ж. (Университет Шакарима)

II-место Шалабаев М. (Университет имени А. Бокейханова)

III-место Есімханов Е. (Университет Шакарима)

90 кг

I-место Өмірзақ Н. (Казахский национальный университет имени аль-Фараби)

II-место Жұмашев М. (Университет Шакарима)

III-место Әділов А. (Университет имени А. Бокейханова) и Арғынов Е. (Казахский национальный университет имени аль-Фараби)

100 кг

I-место Ғабдулманап Е. (Университет имени А. Бокейханова)

II-место Жексенғазы А. (Университет имени А. Бокейханова)

III-место Ертісов А. (Университет Шакарима)

Университет Шакарима занял 1 место.

Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА
журналист



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Жауапты редактор:
МҰҚАШЕВ Еркебұлан

Журналист: Жансия ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu_2020@bk.ru
www.shakarim.edu.kz
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.
Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ баспаханасында басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а